Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 18 сәуір №4712-24-00-2/1116 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Азимбаева Акерке Нурпетовнаның әрекет етуімен «РАЯНА» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер Азимбаева Акерке Нурпетовнаның әрекет етуімен «РАЯНА» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Азимбаева Акерке Нурпетовнаның әрекет етуімен «РАЯНА» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Азимбаева Акерке Нурпетовнаның әрекет етуімен «РАЯНА» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Документ подписан: Борашева А. А., 19.04.2024

Дата вступления в законную силу: 30.05.2024, судья Борашева А. А., 04.06.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

4712-24-3-1/898